

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 208 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 208 қаулысына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Акцияларды (қатысу үлестерін) өткізу күніне заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталы немесе акциялары (қатысу үлестері) құнында жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын (табылған) тұлғалардың (тұлғаның) мүлкінің үлесін айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 332 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 15, 122-құжат).

2. "Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, өткізу жөніндегі айналымдары кеден одағында қосылған құн салығынан босатылатын тауарды қалпына келтіруді, құрамдас бөлшектерін ауыстыруды қоса алғанда, оны жөндеу жөніндегі қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 1235 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 20-құжат).

3. "Кеден одағы шеңберінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1249 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 28-құжат).

4. "Тауарларды қайта өңдеу шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1261 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 34-құжат).

5. "Салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге салған мүлкін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер және салықтар бойынша берешектің, өсімпұлдардың есебіне өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 маусымдағы № 618 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 522-құжат).

6. "Қаржылық қамтамасыз етуді қалыптастыру, арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясында немесе дербес кластерлік қорда осындай қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттарды ұсыну, сондай-ақ қаржылық қамтамасыз ету қаражаты есебінен бюджет шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 наурыздағы № 307 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 35, 473-құжат).

7. "Кеден одағы шеңберінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1249 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қыркүйектегі № 1210 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 71, 1037-құжат).

8. "Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 279 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 22, 359-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1283 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 79, 678-құжат).

10. "Ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желілері бойынша салық қызметі органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1393 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 83-84, 719-құжат)

11. "Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 279 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 214 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 21, 117-құжат);

12. "Қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде орналасқан салық төлеушілерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдануды камтамасыз етуге міндетті болатын жекелеген қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1129 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 77-78-79, 576-құжат).

13. "Салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер бойынша берешектің есебіне өткізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 маусымдағы № 618 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 83-84, 605-құжат).

14. "Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып түскен сомасын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын және тәуекел дәрежесінің критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 279 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 750 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 61-62, 394-құжат).

15. "Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, өткізу жөніндегі айналымдары кеден одағында қосылған құн салығынан босатылатын тауарды қалпына келтіруді, құрамдас бөлшектерін ауыстыруды қоса алғанда, оны жөндеу жөніндегі қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 1235 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 143 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 11, 67-құжат).

16. "Салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін салық берешегі есебіне, төлеушінің - кедендік төлемдер және салықтар бойынша берешектің, өсімпұлдардың есебіне өткізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 маусымдағы № 618 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 230 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 16, 112-құжат).